



## 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-да біліктілік/ғылыми жұмыстарға плагиатқа қарсы тексеру жүргізу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-да (бұдан әрі – Академия) плагиатты анықтау және алдын алу рәсімін реттейді және:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 жылғы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Академияның Ғылыми кеңесімен бекітілген (2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 3 хаттама) «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-да жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың дипломдық жобасы (жұмысы) туралы ережеге;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары қызметінің ашықтығы мен айқындығы стандартына;
- Академияның Жарғысына;
- Академия магистрлік, докторлық диссертациялар туралы ережесіне сәйкес әзірленді.

1.2 Ереже келесі мақсаттарда әзірленді:

- зерттеу жұмыстарын орындау сапасын арттыру;
- мәтін пайдалану көздерінен алынған деректерді пайдаланудың дербестік және дұрыстылық дәрежесін бақылау;
- білім алушылардың өзіндік тәртіп деңгейін арттыру;
- жеке және заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтау;
- Академиялық адалдық деңгейін арттыру;
- академиялық ақпаратқа заңсыз қол жеткізуді және (немесе) оны таратуды реттеу;
- қызметтің ашықтығы мен айқындығын арттыру.

1.3 Плагиатты анықтау және алдын алу рәсімі міндетті түрде докторлық, магистрлік диссертацияларға, дипломдық жұмыстарға (жобаларға), ғылыми мақалаларға, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға, курстық жұмыстарға, рефераттарға, эсселерге, сондай-ақ Академия білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің басқа да жазбаша жұмыстарына іріктеліп қолданылады.

1.4 Мәтін пайдалану (плагиат) білім алушының жұмысына теріс баға қою, дипломдық/курстық жұмысты, диссертацияны/ жобаны қорғауға жібермеу,



біліктілік/ғылыми жұмысты қайтару үшін жеткілікті оқу пәнін бұзуы ретінде қарастырылады.

1.5 Плагиатқа қарсы жүйеде жұмыстарды тексеру жөніндегі жұмысты үйлестіретін плагиатқа қарсы жүйенің әкімшісін Академияның Ғылыми кеңесі Академия қызметкерлерінің арасынан тағайындайды.

1.6 Барлық біліктілік/ғылыми жұмыстарды білім алушылар ғылыми жетекшінің және/немесе авторлардың жетекшілігімен академиялық парасаттылық (адалдық) құндылықтары мен қағидаттарына сәйкес өз бетінше орындайды.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

2.1 Осы құжатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Біліктілік/ғылыми жұмыс – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғатта және қоғамда көрінетін заңдылықтарды белгілеу, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми іздеумен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты ғылыми сипаттағы жұмыс.

Біліктілік/ғылыми жұмыстарға: эсселер, баяндамалар, ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар/жобалар, магистрлік және докторлық диссертациялар және тексеруге жататын басқа да жазбаша жұмыстар жатады.

2) Плагиат – бөтен идеялардың немесе өнертабыстардың авторлығын қасақана иемденіп алу және өз атынан бөтен туындыны, бөтен туындылардың фрагменттерін пайдалану көзін көрсетпей жариялау. Плагиат екі түрде жүзеге асырылуы мүмкін:

- негізгі мәтіннің сөзбе-сөз жазылуы;
- парафраза - алынған мәтіннің мазмұнын өзгертпестен сөздер мен сөз тіркестерін ауыстыра отырып, бөтен мәтінді ұсыну.

3) Мәтін пайдалану – түпнұсқаға өзгерістер енгізбей, басқа автор мәтінінің бір бөлігін өз мәтініне енгізу.

4) Дұрыс дәйексөз – шығарманың авторы мен атауын көрсете отырып, дәйексөз мақсатына негізделген көлемде мәтіннен үзінді келтіру (дәйексөзде 25 сөзден артық емес).


5) Дұрыс емес дәйексөз – шығарманың авторы мен атауын көрсетпей немесе дәйексөздің мақсатымен негізделмеген көлемде мәтіннен үзіндіге сілтеме жасау.

6) Жұмысты өз бетінше орындамау – өз бетінше зерттеу жүргізбей сілтеме жасау, сілтеме жасау мақсатына негізделмеген көлемде сілтеме жасау.

7) Мәтіннің өзіндік ерекшелігі – бірегей элементтер (сөздер, сөз тіркестері) санының барлық элементтерге қатынасы.

8) Плагиатқа қарсы жүйе – жарияланған көздерден мәтінді заңсыз пайдалану құжаттарын тексеруге арналған ақпараттық жүйе. «Антиплагиат» бағдарламалық жасақтамасын орнату және пайдалану тәртібі әзірлеушінің техникалық құжаттарымен айқындалады.

9) Әкімші – Академияның плагиатқа қарсы жүйені әкімшілендіруге

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-да біліктілік/ғылыми жұмыстарға плагиатқа қарсы тексеру жүргізу тәртібі туралы ереже	Код: ПЛ-10.16/ОП/24
		Басылым: 1
		4 бет 9 беттен

жауапты қызметкері.

### **3. Плагиатқа қарсы жүйені пайдалану тәртібі**

3.1 Білім алушылардың біліктілік/ғылыми жұмыстары және өзге де ғылыми еңбек авторлары электрондық нұсқада автордың деректерін көрсете отырып және қабылданған нысан бойынша біліктілік/ғылыми жұмыстың дербес сипаты туралы жазбаша өтінішпен (1-қосымша) Академияның ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және аккредиттеу бөлімінің (бұдан әрі – ҒЖОКБЖАБ) Zhunussov\_S@balletacademy.kz электрондық мекен-жайына тексеруге ұсынылады, өтініште автор ереже мен нұсқаулықтың талаптары бойынша ресімделген, тиісті сілтемелермен тіркелмеген баспа және электрондық көздерден мәтінді пайдаланбағанын растайды. Жауапты тұлғалар (декан, кафедра меңгерушісі, ғылыми жетекші және білім алушы) құжатқа бұрыштама қоюы тиіс.

3.2 Қабылданған нысан бойынша біліктілік/ғылыми жұмыстың дербес сипаты туралы жазбаша өтініш тек курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік және докторлық диссертациялар үшін беріледі.

3.3 Электрондық поштаға біліктілік/ғылыми жұмыстардың басқа түрлері үшін бөлімнің Zhunussov\_S@balletacademy.kz электрондық поштасына мәліметтерді (автордың, жұмыс жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс атауы) еркін нысанда көрсете отырып, жұмыстың электрондық нұсқасы ғана ұсынылады.

3.4 Өтініш болмаған жағдайда біліктілік/ғылыми жұмыс тексеруге қабылданбайды.

3.5 Біліктілік/ғылыми жұмыстың дербес сипаты туралы өтініш, жұмыстың электрондық нұсқасы және плагиатқа қарсы жүйеде тексеру нәтижелері бар анықтаманың көшірмесі ҒЖОКБЖАБ-де қалады.

### **4. Біліктілік/ғылыми жұмыстарды ұсыну мерзімі және тараптардың міндеттері**

4.1 Білім алушы ғылыми жетекшімен және/немесе автормен бірге өзінің біліктілік/ғылыми жұмысын плагиатқа қарсы жүйемен белгіленген мерзімде тексеруге ұсынуға жауапты болады.


4.2 Білім алушы жұмысты жазбаша және электрондық нұсқада, алдын ала қорғаудан өткені туралы оң үзінді көшірмені Zhunussov\_S@balletacademy.kz поштасына ұсынуға міндетті.

4.3 Біліктілік/ғылыми жұмыста плагиат анықталған жағдайда, білім алушы және/немесе автор тексеру рәсімін пысықтайды және қайта өтеді.

4.4 Пысықтау және қайта тексеруге ұсыну мерзімдері кафедра отырысында плагиатқа қарсы жүйенің әкімшісімен бірлесіп келісіледі.

4.5 Плагиатқа қарсы жүйеде тексеру үшін жұмыстың түпкілікті редакциясы мерзімінде ұсынылады:

- магистрлік және докторлық диссертациялар қорғауға дейін 20 жұмыс

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	ҚР МСМ «Қазак ұлттық хореография академиясы» ШДЖҚ РМК-да біліктілік/ғылыми жұмыстарға плагиатқа қарсы тексеру жүргізу тәртібі туралы ереже	Код: ПЛ-10.16/ОП/24
		Басылым: 1
		5 бет 9 беттен

күнінен кешіктірілмей;

- мамандар мен бакалаврлардың дипломдық жұмыстары қорғауға дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей;

- мамандар мен бакалаврлардың курстық жобалары қорғауға дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей;

- басқа біліктілік/ғылыми жұмыстар үшін тексеруге тапсыру мерзімі плагиатқа қарсы жүйенің әкімшісімен келісіледі.

4.6 Плагиатқа қарсы жүйеде тексерулердің рұқсат етілген ең көп саны - 2 тексеру.

4.7 Осы Ережемен біліктілік/ғылыми жұмысқа рұқсат беруді қарастыру кезінде біліктілік/ғылыми жұмыстың түпнұсқалығына келесі талаптар белгіленеді:

- 1-ші ұқсастық коэффициенті 49,99-дан жоғары емес%;
- 2-ші ұқсастық коэффициенті 4,99%-дан аспайды.

4.8 Неғұрлым төмен мәндерде білім алушы біліктілік/ғылыми жұмысты міндетті түрде қайта өңдеуі және бұрын белгіленген жұмыс тақырыбын сақтай отырып, плагиатқа қарсы жүйеге қайта тексеруге ұсынуы тиіс.

4.9 Екінші тексеруде плагиат немесе білім алушының әртүрлі себептерге байланысты плагиатты жоюға қабілетсіздігі анықталған жағдайда, осы Ережеде белгіленген мерзімде кафедра басшылығы қорғау рәсімін қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың келесі кезеңіне ауыстыру туралы шешім қабылдайды, бұл ретте тақырыптың сақталуы туралы нақтылау енгізіледі немесе біліктілік/ғылыми жұмыстың жаңа тақырыбы айқындалады.

4.10 Мәтін пайдаланудың шекті деңгейі анықталған ғылыми жұмыстар (монографиялар, мақалалар) авторға пысықтауға қайтарылады.

4.11 Плагиатқа қарсы жүйенің әкімшісі біліктілік/ғылыми жұмысты тексерудің дұрыстығы үшін және ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі директор қол қойған, біліктілік/ғылыми жұмысты мәтін пайдалануға тексеру нәтижелері туралы анықтама беру үшін жауапты болады (2-косымша).

4.12 Біліктілік/ғылыми жұмысты мәтін пайдалануға тексеру нәтижелері туралы анықтама факультет деканына біліктілік/ғылыми жұмыс ұсынылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде беріледі, анықтаманың сканерленген нұсқалары білім алушының, ғылыми жетекшінің және/немесе біліктілік/ғылыми жұмыс авторының электрондық поштасына жіберіледі.

## 5. Қорытынды ережелер

5.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу оны жаңа редакцияда әзірлеу жолымен жүзеге асырылады.

5.2 Осы Ереже алқалы органның хаттамасы шыққан күннен бастап күшіне енеді.

5.3 Ереже қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет қайта каралады.



1-қосымша

## БІЛІКТІЛІК/ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ ДЕРБЕС СИПАТЫ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

(біліктілік/ғылыми жұмыс түрі)

Мен, бакалавр/ магистрант/ докторант \_\_\_\_\_

(қажеттісінің астын сызу керек)

(Т.А.Ә)

менің плагиатқа қарсы жүйесіне ұсынған « \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ » біліктілік/ғылыми жұмысымда.

(жұмыстың атауы)

плагиат элементтерінің жоқ екендігін мәлімдеймін.

Баспа және электрондық, сондай-ақ қорғалған көздерден, бұрынғы біліктілік/ғылыми жұмыстардан тікелей алынған барлық мәтіндердің тиісті сілтемелері бар.

Мен ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-дағы қолданыстағы ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-да білім алушылардың біліктілік/ғылыми жұмыстарын мәтін пайдалануға (плагиатқа) тексеру жүргізу тәртібі туралы ережемен таныстым, оған сәйкес мәтін пайдаланудың (плагиаттың) анықталуы апробацияға жібермеу үшін негіз болып табылады.

Қолы  
Күні

2-қосымша



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ХОРЕОГРАФИЯ  
АКАДЕМИЯСЫ

ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы»  
ШЖҚ РМК-да біліктілік/ғылыми жұмыстарға плагиатқа қарсы  
тексеру жүргізу тәртібі туралы ереже

Код: ПЛ-10.16/ОП/24

Басылым: 1

7 бет 9 беттен

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ХОРЕОГРАФИЯ  
АКАДЕМИЯСЫ



KAZAKH NATIONAL  
ACADEMY OF  
CHOREOGRAPHY

**БІЛІКТІЛІК/ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫ МӘТІН ПАЙДАЛАНУҒА  
ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ  
№ \_\_ АНЫҚТАМА**

**Жұмыс авторы:**

\_\_\_\_\_

**Жұмыс түрі:**

\_\_\_\_\_

**Жұмыс атауы:**

\_\_\_\_\_

**Ғылыми жетекші:**

\_\_\_\_\_

**Тексерілген күні:**

\_\_\_\_\_

**Нәтижелері:**

*Жіберілді*

**Бағдарлама әкімшісі:**

\_\_\_\_\_

**Ғылыми жұмыс және  
стратегиялық даму  
жөніндегі директор**

\_\_\_\_\_

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_